

**Павлодар облысы бойынша жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін 2009 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 162/13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 13 ақпанда N 3131 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2011 жылғы 16 ақпандағы N 352/32 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2011.02.16 N 352/32 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6-бабының 5-тармағына, "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 487-бабына, Су Кодексі 38-бабының 5)тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы бойынша жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін 2009 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1-қаңтарынан пайда болатын құқықтық қ а т ы н а с т а р ғ а т а р а т ы л а д ы .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,*

*облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Р. Гафуров*

Павлодар облысы мәслихатының  
(IV сайланған XIII сессиясы)  
2009 жылғы 6 ақпандағы  
N 162 / 13 шешіміне

қосымша

**Павлодар облысы бойынша 2009 жылға арналған жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы мөлшерлемелері**

P/c N	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелер	
			теңге	тиын

1	2	3	4	5
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	текше метр		4,98
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда (өндірістік қажеттіліктер)	текше метр		14,32
3	Ауыл шаруашылығы	текше метр		4,03
4	Су көздерінің суын пайдаланатын тоған шаруашылықтары	текше метр		4,03
5	Су көздерінен су алмайтын су қоймаларында балық өсірумен айналысатын балық шаруашылықтары	өнімнің тоннасы	101,74	
6	Су көліктері	т.км		0,57

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК